



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Список использованной литературы:

1. Б.Т. Разгильдиев, А.Н. Красиков. Уголовное право Российской Федерации. Особенная часть: Учебник / Под редакцией доктора юридических наук, профессора Б.Т. Разгильдиева и кандидата юридических наук, доцента А.Н. Красикова. – Саратов: СЮИ МВД России, 1999. – 672 с.. 1999.
2. Агыбаев А. Проблемные моменты в определении «коррупция» и доказывании отдельных видов коррупционных преступлений // Мир закона. - 2004.-№ 1.- С. 15.
- 3.Скрябин Э. Коммерческий подкуп // Законность.- 2000.-№ 9.- С. 43.
4. «О незаконном вознаграждении» А.Агыбаев, д.ю.н., профессор КазНУ им.Аль-Фараби г.Алматы
- 5.Уголовный Кодекс Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.01.2018 г)
- 6.Закон Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «Опротиводействии коррупции».

УДК 347.965.982

«PROBONO» АДВОКАТУРА ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекетов Олжас Сунгатович

beketov.olzhas@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Заң факультеті, «Құқықтану» мамандығының 3-курс студенті,
Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Сеилханов Ж.Д

Құқықтық мемлекеттің басты ерекшеліктерінің бірі азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ететін тиімді құқықтық механизмнің болуы. Дегенмен, барлық азаматтар заңгерлік кеңес немесе адвокаттық қызметтерді ала алмайды, сондықтан әлемдік тәжірибеде мемлекеттің осындай идеяларға қолдау көрсетудің әртүрлі түрлері бар. Мұндай нысандардың бірі тегін заң көмегін ұсыну болып табылады. ҚР Конституциясының 13-баптың 3-тармағында жазылып кеткендей әрбір азамат тегін заң көмегін алуға құқылы. Тегін заң көмегін көрсету Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 6-бабының 3-тармағында және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 3-тармағында көрсетілген.

Шетелдік елдерде заңгерлік тегін көмек көрсету 2 ұғымға бөлінеді: prodeо және probono. Екі тұжырымдаманың негізгі айырмашылығы – prodeо барлық шығындарды мемлекет толық немесе ішінара төлейді, ал probono заңгерлік көмек адвокаттар немесе заңгерлік фирмалар тарапынан тегін көрсетіледі.

«Probono» латын тіліндегі «probonopublico» сөзінен шыққан, яғни «қоғамдық игілік үшін» дегенді білдіреді. Дегенмен бұл сөзді басқа контексте қолдануға болатынымен, бірақ юриспруденцияға қатысты бұл тегін немесе өте төмендетілген ақылы негізде заң қызметтерін көрсету дегенді білдіреді.

Probono-ға заңдық қызмет көрсету мемлекет тарапынан төленбейді, бірақ ол ерікті негізде жүргізіледі және ол заң мамандығы бойынша әлеуметтік жауапкершілік элементі болып табылады. Сондай-ақ, ақысыз қызметтерді мәжбүрлеу мүмкін емес екенін ерекше атап өту қажет, себебі бұл құқық емес, міндет болып табылады.

Probono– бұл қарапайым заңды кеңес емес, ол жай телефон арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін емес. Бұл

істі басынан аяғына дейін, құқықтық көмек көрсетуді қамтитын қызметтердің толық спектрі. Осылайша, Probonojaғдайында бұл күрделі заң көмегін көрсету болып табылады.

Мысал ретінде Ресей Федерациясының 21.11.2011 «Тегін заң көмегі туралы» заңында тегін құқықтық көмек көрсету институтының құқықтық механизмы көрсетілген. Қазіргі уақытта Ресейде, оның екі жолы бар: 1. Тегін заң көмегін ұсыну туралы шарт жасасу негізінде тегін құқықтық көмек көрсету; 2. Құқықтық көмек (Probono).

Сонымен қатар Probono-ға тегін заңгерлік көмек көрсету заңгерлер тарапынан ерікті негізде жүзеге асырылады. Адвокаттар немесе заң көмегін көрсететін фирмалар өздері белгілеген тәртіпте, тегін құқықтық көмек көрсетудіңқанша уақыт және тәртібін анықтайды.

Халықаралық тәжірибеде Probonoқызыметтерінің елдегі әділеттілікті дамытуға оң әсерін көрсетеді. Еуропа елдерінде тегін заң көмегін көрсету Франция елінде алғаш қолданылды. Онда XIII-XIVғ Франция гильдия адвокаттары (batonnier), барлық адвокаттарды мүмкіндігінше аз қамтылған және мұқтаж адамдарға тегін кеңес беруді шақырды. Қазіргі уақытта Францияда Probono тегін заң көмегін көрсету қызметі түрінде ұсынылады. L'accessaudroit – азаматтардың құқықтық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында консультациялар түрінде және азаматтар құқықтық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдауы үшін. Бірақ та, ол сот шығындарына немесе қылмыстық істер бойынша өкілдік болуға көмек көрсетілмейді.

АҚШ елінде жағдайы төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету адвокаттың кәсіби жауапкершілігі ретінде қарастырылады. Американдық адвокаттар қауымдастығының 6.1 үлгі ережесіне сәйкес, әрбір адвокат жылына кемінде 50 сағат заңдық көмек көрсетуге міндетті болып табылады. Басқа американдық кәсіби заңгерлер ұйымы ProBonoинституты «ProBono Принциптердің декларациясын» әзірледі. Декларацияға қол қойған әрбір заң фирмасы фирманың жұмыс уақытының 3-5% -ын тегін заң көмегін беруге міндетті.

Осылайша, ProBono-ның шетелдік тәжірибесіне келетін болсақ, ол ең алдымен, халықтың осал топтарына, құқықтық көмекке қол жеткізе алмайтын адамдарға бағытталған және оларға құқықтық көмек беруге әрдайым дайын.

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі № 122-V Заңыда құқықтық көмек тұжырымдамасы бар. Осы заңның 8-бабы бойынша, Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар:

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар.

2. Мемлекет кепілдік берген тегін заң көмегін алуға құқығы бар тұлғаларға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңнамасында және "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда тегін заң көмегін ала алады.

Алайда мемлекет кепілдік берген заң көмегі мен «ProBono» -ның тегін заң көмегі арасындағы айырмашылық мемлекеттің кепілдік берген заң көмегін заңнамада көрсетілген белгілі бір жағдайларда көрсетіледі және оны мемлекет төлейді.

Қазақстан Республикасында мұндай қызметтерді енгізу азаматтардың сот төрелігіне қол жетімділігін күшейтуге, құқықтық жауапкершілікті және құқықтық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Әрине, заңгерлерді ынталандыру мақсатында азаматтарға құқықтық көмек қызметтерін ұсынатын адвокаттарға көтермелеу механизмін заңнамалық түрде қамтамасыз ету қажет. Мысалы, мемлекет осындай қызметті жүзеге асыратын субъектілерге құрметті атақтар беру арқылы жан-жақты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету субъектілерінің қызметін ынталандыруы қажет. Сондай-ақ, құқықтық қызмет көрсететін ұйымдарға белгілі бір салық жеңілдіктерін беруге болады. Егерде адвокат азаматтық істе оң нәтижеге жетсе, құқықтық көмек субъектісі жеңген пайданың он пайызынан аспайтын мөлшерде ақы алуға мүмкін.

Бұл ынталандырулар, Қазақстанның заңды қоғамдастығында қызметтердің дамуына үлкен әсер тигізеді. Дегенмен, соңғы сөз кез келген жағдайда адвокаттың өзінде қалады, өйткені қызметтер тек ерікті түрде көрсетіледі.

Осылайша, құқықтық тәжірибеге жан-жақты құқықтық заң көмегін көрсету. Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана емес, барлық заң қоғамдастығына оң әсерін тигізеді.

Біріншіден, бұл тәжірибе адвокаттардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Құқықтық қызметтерге халықтың қолы қол жетімді болады, ал адвокаттарды әр түрлі ынталандырулар мен жеңілдіктер беріледі. Екіншіден, прогрессивті халықаралық тәжірибені енгізу, еліміздің құқықтық жүйені одан әрі жаңғыртуға мүмкіндік береді.

2017 жылдың 21 тамызында Мемлекет басшысы «Хабар» телеканалына берген сұхбатында, заң үстемдігі мәселесін терендетудің маңыздылығын айтқан және адвокатура мен прокуратура рөлін арттыруды атап өткен.

Құқық үстемдігін қамтамасыз ету сондай-ақ Елбасының 100 нақты қадам жоспарында жазылып кеткен. 2-тарауында заңның үстемдігін қамтамасыз ету туралы айтылып кеткен. Кешенді құқықтық көмек көрсету әрине, Қазақстан Республикасында құқықты нығайтудың әдістерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы кешенді әлеуметтік-құқықтық көмек енгізу осы уақытқа дейін осындай көмек көрсетуді шектемеуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы 9 желтоқсан 1948 жыл
3. Халықаралық құқық Колосов Ю., Кузнецов В.
4. Назханов Т. «Робото»
5. Қылмыстық құқық Ерекше бөлім А.Н.Ағыбаев
6. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан)

УДК 343.13

ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУДЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

з.ғ.к. Бижан Н.Р., з.ғ.к. Бекімбетов Т.Б., Оңалбек Г.Ш.

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыруда жаза тағайындау маңызды, негізгі, басты кезең. Қылмыс және жаза өзара байланысты құбылыстар. Жаза – бұл жасалған қылмысқа мемлекеттің ден қоя отырып берген жауабы. Әділ, дұрыс жаза тағайындау қылмыстылықпен күресудің қажетті шарттарының бірі. Әділ жаза тағайындау үшін қылмыстық заңға, нақты айтқанда жазаның жекешелендірілуі қағидасына сүйенеміз. Қылмыстық жаза – мемлекетпен мәжбүрлеудегі маңызды шаралардың бірі. Қылмыстық құқықты тиімді ету үшін қылмыстық жазаны, оның мақсатын зерттеу қажет. Мұнан, мемлекет қылмыстар үшін жаза тағайындағанда қандай мақсаттарды көздейді, деген сұрақ орынды туындайды.

ҚР ҚК 39-бабына сәйкес, жаза - соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жазаның мақсаты - әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамдарды түзеу, сотталғанда, басқа адамдарды жаңа қылмыстарды істеуден алдын ала сақтандыру. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді. Қылмыстық жаза, оның мақсаты жөнінде көне әлемдегі Платон, Аристотель, Цицерон, Сенена, XV-XVIII ғасырдағы Гуго Гроций, Монтескье, Беккарианың еңбектерінде (толымды) пікірлер болды. Платон жазаның жекешелендірілу қағидасын ұстады. Платон еңбегінде: жаза – қылмыскер үшін жанын қалпына келтіретін, тепе-теңдікте ұстайтын игі,-